



Ғылыми мақала / Scientific article
XF7AP / IRSTI 02.71



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-153-165>

The state and religious education: the relationship between secularism and spiritual needs

Adilbek Bekbolat ✉ 

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

✉ adil.kz.tr@gmail.com

Abstract. This article explores the relationship between religion and the state within a secular framework, focusing particularly on the social, political, and pedagogical dimensions of religious education. It examines the role of religion in society through a historical-sociological lens, with special attention given to the development of Islamic civilization and religious institutions. The study also traces the origins of secularism, its contemporary interpretations, and its connection to society's spiritual needs. The aim of the article is to propose a model for harmonizing the principles of secular governance with religious education. Within this context, the influence of religious schools on public consciousness – both positive and potentially problematic – is analyzed. Additionally, the paper investigates pedagogical mechanisms for addressing spiritual demands. The author attempts to outline a scientific framework for fostering constructive cooperation between state and religion.

Keywords: religion; secularism; sociology of religion; religious pedagogy; religious policy

For citation:

Bekbolat A. The state and religious education: the relationship between secularism and spiritual needs // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 153-165. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-153-165>

Сілтеме жасау үшін:

Бекболат А. Мемлекет және діни білім беру: зайырлылық пен рухани қажеттіліктің арақатынасы // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 153-165. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-153-165>

Мемлекет және діни білім беру: зайырлылық пен рухани қажеттіліктің арақатынасы

Адилбек Бекболат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Государство и религиозное образование: соотношение светскости и духовной потребности

Адилбек Бекболат

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада зайырлы мемлекеттегі дін мен мемлекеттің өзара арақатынасы, әсіресе діни білім беру жүйесінің әлеуметтік, саяси және педагогикалық аспектілері талданады. Діннің қоғам өміріндегі орнына тарихи-социологиялық тұрғыдан қарап, ислам өркениеті мен діни институттардың қалыптасу кезеңдері қарастырылады. Сонымен қатар, зайырлылық ұғымының шығу тегі, оның бүгінгі күнгі интерпретациясы және рухани қажеттіліктермен өзара байланысы сарапталды. Мақаланың мақсаты – діни білім беру мен зайырлылық қағидаларының арасындағы үйлесімділік моделін ұсыну. Осы тұрғыда діни мектептердің халықтың дүниетанымына әсері, олардың жағымды және кері ықпалдары сипатталып, рухани қажеттілікті қамтамасыз етудің педагогикалық тетіктері зерттеледі. Мақаламызда мемлекет пен діннің үйлесімді өзара ықпалдасуын қамтамасыз етудің ғылыми негіздерін ұсынуға талпыныс жасаймыз.

Түйін сөздер: Дін; зайырлылық; дін социологиясы; дін педагогикасы; дін саясаты

Аннотация. В статье рассматриваются особенности взаимодействия религии и государства в светском государстве, с акцентом на религиозное образование в его социальном, политическом и педагогическом измерениях. Проанализировано место религии в общественной жизни с историко-социологической точки зрения, в том числе становление исламской цивилизации и религиозных институтов. Также исследуется происхождение понятия светскости, его современное толкование и связь с духовными потребностями общества. Цель статьи – предложить модель гармоничного сосуществования принципов светского государства и религиозного образования. В этом контексте освещается влияние религиозных школ на формирование общественного сознания, как с положительной, так и с потенциально негативной стороны. Кроме того, анализируются педагогические подходы к обеспечению духовных запросов населения. Автор стремится обосновать научные подходы к формированию эффективного взаимодействия между религиозной и государственной сферами.

Ключевые слова: религия; светскость; социология религии; педагогика религии; религиозная политика

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлік пен қоғамдық тұрақтылықты сақтау – кез келген мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Бұл контексте дін мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын реттеу, әсіресе діни білім беру жүйесінің қоғамдағы рөлі мен орнына баға беру өзектілігін арттыруда. Әсіресе Қазақстан сынды тарихи, этникалық және мәдени тұрғыда алуан түрлі қоғамда діни білім беру, рухани құндылық және зайырлы басқару қағидалары арасындағы тепе-теңдікті табу – аса күрделі де нәзік процесс.

Адамзат тарихында діни наным-сенімдер қоғамның әлеуметтік құрылымы мен құндылықтар жүйесінің қалыптасуында шешуші рөл атқарған. Тіпті мемлекеттік институттар пайда болмай тұрып-ақ діни рәсімдер мен дәстүрлер қоғамдық өмірді ұйымдастырушы механизм қызметін атқарды. Осы тұрғыдан алғанда, дін тек сенім жүйесі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік реттеуші, мәдени транслятор және дүниетаным қалыптастырушы құрал болып табылады. Сондықтан да дінді ғылыми тұрғыда, яғни дінтану, социология, мәдениеттану, саясаттану және педагогика ғылымдарының қиылысында қарастыру қажеттігі туындайды (Joachim Wach, 1987: 1).

Қазақстандағы діни ахуалдың ерекшелігі – дәстүрлі ислам құндылықтарының терең тарихи тамырына қарамастан, кеңестік кезеңдегі діннен алыстау мен кейінгі тәуелсіздік жылдарындағы діни плюрализмнің қатар өрбігені. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде діни білім алуға деген сұраныстың артуы, әртүрлі шетелдік діни мектептер мен ағымдардың ықпалы, сондай-ақ діни радикализм белгілерінің байқала бастауы – мемлекет пен қоғамды діни білім беру мәселесіне ерекше мән беруге итермеледі.

Осы мақалада біз зайырлы мемлекеттің шеңберінде діни білім берудің әлеуметтік, саяси және педагогикалық қырларын зерттеуді мақсат етеміз. Атап айтқанда, дін мен мемлекеттің өзара әрекеттесуінің тарихи және теориялық негіздерін, ислам өркениетіндегі діни институттардың дамуын, қазақ қоғамындағы діни мектептер мен олардың мәдениетке ықпалын, сондай-ақ қазіргі Қазақстандағы зайырлылық ұстанымдарын талдаймыз. Сонымен қатар, діни білім берудің тұлға дамуына әсерін, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін және мемлекет тарапынан реттелу қажеттілігін де қарастырамыз.

Мақаланың басты мақсаты – зайырлылық қағидасы мен рухани қажеттіліктер арасындағы тепе-теңдікті сақтау жолында діни білім берудің орнын анықтау, осы саладағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді айқындау және Қазақстан қоғамына бейімделген, ғылыми негізделген ұсыныстар ұсыну.

1. Зайырлылық пен руханият: теориялық негіздер.

Laïc, секуляризм, исламдағы дін-мемлекет қатынасы

Қазіргі заманғы мемлекеттерде дін мен мемлекеттің өзара қатынасы негізінен екі ұғым аясында қарастырылады: *зайырлылық (laïcité)* және *секуляризм (secularism)*. Бұл ұғымдар – батыс ойлау жүйесінен туындағанымен, әр мемлекеттің тарихи тәжірибесіне қарай әртүрлі түсіндіріледі және жүзеге асады.

Секуляризм – латынның *saeculum* (ғасыр, дүниелік уақыт) сөзінен туындаған, бастапқыда тек уақыт өлшемін білдіретін ұғым болған. Бірақ орта ғасырдың соңына қарай бұл ұғым діни институттардың ықпалынан тыс, дүниелік (мемлекеттік) билік пен қоғамдық қатынастарды сипаттай бастады. Секуляризм – діннің мемлекет істерінен, білім беру жүйесінен, құқық және саяси шешім қабылдау процестерінен ажыратылуы дегенді білдіреді. Бұл – көбіне англосаксондық әлемде (АҚШ, Ұлыбритания т.б.) қалыптасқан модель.

Ал *laïcité* ұғымы – француз философиялық және құқықтық дәстүрінен шыққан. Ортағасырлық католиктік Еуропада *laicus* сөзі дін қызметкерлеріне жатпайтын қарапайым халықты білдірген. XIV-XIX ғасырлар арасында дін мен шіркеу билігінің

халықтан алыстауы, әсіресе Француз революциясы мен 1905 жылғы Францияда шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі туралы заңнан кейін, *laïcité* – мемлекеттің діннен толықтай бейтараптығын және дін істеріне араласпауын білдіретін саяси қағидаға айналды (Ali Fuat Başgil, 2007: 151–152).

Француз зайырлылығы – дінді қоғамдық кеңістіктен мүлде ығыстыруға дейін баратын радикалды түсінікке негізделеді. Яғни *laïcité* тек мемлекетті діннен ажырату ғана емес, сонымен қатар діннің қоғам өміріндегі рөлін шектеуді де көздейді. Бұл ерекшелік Қазақстан сияқты тарихы мұсылман дінімен тығыз байланысты қоғамдар үшін толықтай сәйкес келе бермейді, себебі дәстүрлі ислам мен ұлттық салт-сананың тығыз байланысы зайырлылықты ерекше интерпретациялауды талап етеді.

Ислам өркениетіндегі дін мен мемлекет қатынасы мүлде өзге негізде дамыған. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) дәуірінде діни және саяси билік бір орталықта шоғырланды: ол әрі пайғамбар, әрі мемлекет басшысы болды. Осы модель кейіннен *халифат* жүйесінде жалғасты. Алайда ислам тарихында діни билік пен саяси билік әрқашан біріккен деп айту дұрыс емес. Орта ғасырлардан бастап діни құқықты (шариғатты) түсіндіру мен қолдану *улемаларға*, яғни тәуелсіз дін ғалымдарына берілді, ал саяси билік патшалар мен әмірлердің қолында қалды. Бұл – ислам өркениетінде *билік пен діннің саралануының* өзіндік түрі ретінде бағалануы мүмкін (İbrahim Sarıçam, 2006: 125).

Сонымен қатар исламда “дінде күштеу (зорлау) жоқ...” (Бақара сүресі, 256-аят) деген қағида дін мен сенім бостандығына қатысты теологиялық негіз ретінде қарастырылады. Бұл исламдағы дін мен мемлекет қатынасының *мәжбүрлеуге емес, танымға және қоғамдық келісімге* негізделгенін көрсетеді.

Қазақ даласындағы діни сана мен мемлекеттік жүйе де исламның осындай бейімделген үлгісін ұстанған. Қожалар мен ишандардың рухани беделі болғанымен, олар тікелей саяси билікке араласпаған. Қазақ хандары мен би-шешендері діни дәстүрді ұлттық салтпен үйлестіре отырып дамытқан.

Бүгінгі Қазақстандағы зайырлылық ұғымы – француз *laïcité*-сінен емес, өз дәстүріміздегі *діни бейтараптықты сақтау, бірақ рухани қажеттіліктерді ескеруге тырысу* қағидасынан туындайды. Конституцияға сәйкес, Қазақстан – зайырлы мемлекет, бірақ дінге тыйым салмайды; керісінше, дінге сену бостандығын қорғайды. Бұл аралық модель, бір жағынан, руханиятты сақтау, екінші жағынан, діннің үстемдік етуін болдырмау ұстанымына негізделген (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_).

Осылайша, зайырлылық пен руханият арасындағы тепе-теңдікті сақтауда Қазақстан өз тарихи және мәдени ерекшеліктеріне бейімделген *зайырлы-рухани синтез моделін* қалыптастыру үстінде. Бұл модель – діни білім беру, қоғамдық сана және мемлекет саясаты үштігінде үйлесімді даму жолдарын іздеуді қажет етеді.

2. Діни білім берудің тарихи контексті. Пайғамбар кезеңі, медреселер, қазақ даласындағы жүйе

2.1. Пайғамбар кезеңіндегі білім беру дәстүрі

Ислам дініндегі білім беру жүйесінің негізі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) дәуірінде қаланды. Бұл кезеңде білім беру рухани-діни міндет қана емес, қоғамның өркендеуінің

басты шарты ретінде қарастырылды. Алғашқы мұсылман қауымы негізінен оқу-жазу білмейтін ортадан шыққандықтан, Пайғамбар (с.ғ.с.) білім мен сауаттылықты ислам өркениетінің іргетасына айналдырды. Мәдинә қаласына хижра жасағаннан кейін, Пайғамбар мешіттің жанынан *суффа* деп аталған арнайы білім алаңын құрды. Мұнда Құран аяттары жаттатылып, діни және күнделікті өмірге қатысты ілімдер үйретілді.

Білім алуда тек теологиялық салаға шектеу қойылмай, садақ ату, шежіре, медицина, есеп сияқты дүниелік ғылымдар да насихатталды. “Бәдір шайқасында тұтқынға түскен мүшріктердің арасынан сауаттылары он мұсылман баласына жазу үйрету арқылы бостандық алғаны” (İbrahim Sarıçam, 2006: 124) – бұл білімге берілген мәннің айқын көрінісі.

Пайғамбар тәрбиелеген сахабалар ішінен мемлекет қайраткерлері, қазылар, ұстаздар мен елшілер шықты. Олар ислам дінінің ғылымға, ақыл мен тәрбиеге негізделген қоғам құрудағы әлеуетін алға тартты. Осы кезеңнен бастап дін мен білімнің ажырамас байланысы ислам мәдениетінің іргелі ерекшелігіне айналды (İbrahim Sarıçam, 2006: 125).

2.2. Ортағасырлық ислам өркениетіндегі медреселер

Ислам әлеміндегі классикалық діни білім беру жүйесі Пайғамбар кезеңінен кейін мешіттер мен медреселер арқылы жалғасын тапты. VIII ғасырдан бастап мешіт жанында тұрақты дәріс оқылатын шеңберлер (*халқа*) пайда болып, кейінірек бұл тәжірибе арнайы білім беру мекемесі – *медреселердің* қалыптасуына алып келді.

Алғашқы институционалдық медреселер Селжүк дәуірінде (XI ғ.) Низамүлмүлік уәзірлігімен құрылған *Низамия* медреселерінен бастау алды. Бұл медреселерде Құран, хадис, фикһ (ислам құқықтануы), кәлам (теология), логика, философия, медицина, астрономия пәндері оқытылды. Әл-Азһар (Каир), Зәйтүнә (Тунис), Қарауийин (Марокко) секілді орталықтар ислам әлемінің ғылыми-рухани дамуына елеулі ықпал етті (İbrahim Sarıçam, 2006: 131).

Медресе – тек діни білім ғана емес, сонымен қатар мәдени код пен құқықтық жүйені таратушы мекеме ретінде де рөл атқарды. Билік тарапынан қолдау табу арқылы медреселер ислам мемлекеттерінің рухани тұтастығын, құқықтық бірлігін және діни-педагогикалық дәстүрін қалыптастырушы орталықтарға айналды.

2.3. Қазақ даласындағы діни білім беру жүйесі

Қазақ даласындағы діни білім беру жүйесінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Ислам діні бұл аймаққа VIII-IX ғасырларда, әсіресе Орталық Азиядағы ханафиттік мазһабтың орнығуымен қатар келді. Ханафиттік құқықтық мектептің Балх, Бұхара, Самарқанд сияқты ірі орталықтарда өркендеуі – кейінірек Дешті Қыпшақ даласында, оның ішінде Қазақ хандығы аймағында да діни ілімнің кең таралуына негіз қалады.

Орталық Азияда ханафиттік мазһабтың жүйеленуі мен дамуы – ғылыми сенімді иснад (риуая ас-сикат) арқылы берілген фикһ шығармалары мен ғұлама-шәкірт сабақтастығы негізінде жүзеге асты. Абу Ханифа, оның атақты шәкірттері Абу Юсуф пен Мухаммад аш-Шайбани арқылы берілген құқықтық ілім Бұхаралық Абу Хафс, Балхтық Абу Сулайман секілді ғалымдар арқылы шығыс өңірлерге – соның ішінде Түркістан даласына да тарады.

Саманидтер мен Қараханидтер кезеңінде діни білім беру формасы ретінде медреселер құрылып, оларда фикһ, тафсир, хадис, грамматика сынды пәндер оқытылды. Бұл кезеңде Бұхара, Самарқанд, Тараз, Баласағұн, Исфиджаб және Өзгент қалалары діни білімнің орталығына айналды. Мұнда дәріс берген ханафиттік факихтер мен мутакаллимдердің еңбектері кейінгі ғасырлардағы діни білім жүйесіне іргетас болды. Мәселен, Абул Му'ин ан-Насафи мен Абу-л-Лайс ас-Самарқанди сынды ғұламалардың мұрасы қазақ даласындағы діни ойлау жүйесінде үлкен із қалдырды.

Алтын Орда кезеңінде де бұл дәстүр өз жалғасын тапты. Мемлекеттің исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдауы (Барақ хан, Өзбек хан тұсында) медреселердің, шариғат мектептерінің кең қанат жаюына себеп болды. Хандық аумағында қалыптасқан тарихи-биографиялық әдебиет үлгілері (мысалы, «Тазкирә», «Сафват ас-сафа» т.б.) тек тұлғалар тарихын сипаттап қана қоймай, сол дәуірдің діни білім құрылымын, факихтер мен сопылардың рухани ықпалын сипаттайтын дереккөз ретінде де маңызға ие. Бұл шығармаларда мұғалімдер мен шәкірттердің, тариқат ұстаздары мен мүфтилердің қызметі, олардың қоғамдағы беделі мен білім беру ісіндегі үлесі сипатталады. (Муминов, 2014: 79-94)

Зерттеушілер атап өткендей, ханафиттік мазһаб негізінде өрбіген бұл білім беру құрылымы – көшпелі-отырықшы мәдениеттердің түйісуінде пайда болған бірегей феномен. Ол бір жағынан, ислами құқық пен теологияны жүйелеп жеткізсе, екінші жағынан, жергілікті халықтың дүниетанымдық бейнесін ислам құндылықтарымен үйлестіре отырып қалыптастырды. Діни білім, әсіресе, моральдық-этикалық тәрбие мен қоғамдық тәртіптің негізі ретінде қызмет атқарды. Бұл жүйе кейін Қазақ хандығы кезеңінде де сақталып, XIX ғасырға дейін әр ауылда мешіт-медреселердің болуы – сол білім жүйесінің үзілмей келгенін көрсетеді.

Қазақ даласындағы діни білім беру тәжірибесі отырықшы және көшпелі мәдениеттің тоғысында дамыды. Ислам діні Қараханидтер дәуірінен бастап мемлекеттік деңгейде қабылданғанымен, оның терең қоғамдық тамыры кейінірек, сопылық дәстүр арқылы орнықты. Әсіресе Қожа Ахмет Ясауи мектебі – күллі түркі халқының рухани дүниетанымына сай келетін исламдық түсінікті таратып, білім мен тәрбиенің өзіндік моделін қалыптастырды.

Мешіттер, медреселер және *қожалар институты* – бұл дәуірдің негізгі діни-білім беру құрылымдары болды. Әр ру мен тайпада белгілі бір *қожалар, ишандар, молдалар* діни салт-дәстүрді сақтаушы және жеткізуші ретінде қызмет етті. Бұл институттар халықтың діни санасын қалыптастырып, шариғат нормаларын ұлттық дәстүрлермен үйлестіре отырып дамытты (Сейдімбек А, 2017: 53).

Көшпелі өмір салтына бейімделген дала мектебі жазбаша емес, ауызша дәстүрге сүйеніп дамыды: *жыршылар, ақындар, шешендер мен билер* діни-рухани дүниетанымды таратуда маңызды рөл атқарды. Бұл – ислам білімінің тек формалды жүйеде ғана емес, халықтық педагогика арқылы да таралғанын көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда діни білім беру жүйесін қайта жаңғырту үрдісі басталды. Шетелде білім алған алғашқы буын отандық медреселер мен ислам университеттерінің негізін қалауға үлес қосты. Дегенмен, бұл процесс кейде әртүрлі

мазхабтық және идеологиялық қайшылықтарға алып келіп, мемлекет тарапынан діни білімді реттеу және үйлестіру қажеттілігін туындатты.

3. Қазақстандағы қазіргі діни білім беру және зайырлылық. Заңнама, саясат, мәдени ерекшелік

3.1. Заңнамалық негіздер және мемлекеттік ұстаным

Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған. Бұл қағидаттар 1995 жылғы Конституцияда айқын көрсетілген. Конституцияның 1-бабы, 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бекітілсе, 5-баптың 1-тармағында «Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген» деп көрсетілген. Яғни, мемлекет дін істеріне араласпайды, сондай-ақ ешбір дінді артықшылыққа иелендірмейді.

Бұл принциптер 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында одан әрі нақтыланып, құқықтық негізде жүйеленген. Аталған заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әр адамның ар-ұждан бостандығы құқығын растайтынын, азаматтардың діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін баяндайды. Сонымен қатар, халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытудағы ислам дінінің ханафи бағыты мен православ христиан дінінің тарихи рөлін танитынын және Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін өзге діндерді де құрметтейтінін атап көрсетеді. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 992 Қаулысында да негізделген.

Аталған заңнама діни білім беруді шектеу мақсатында емес, оны ретке келтіру, дін саласындағы ашықтық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қабылданған. Діни бірлестіктер әділет органдарында тіркелуге міндетті, ал діни білім беру мекемелері ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Дін істері жөніндегі комитеттің үйлесімді бақылауында жұмыс істеуі тиіс.

Осылайша, мемлекет діни білім беруді шектеу емес, оны заңды, қауіпсіз және зайырлылық қағидаттарына сай жүргізуді көздейді. Бұл – конфессияаралық келісімді нығайтып, қоғамда дін атын жамылып жасалуы мүмкін радикалдық әрекеттердің алдын алуға бағытталған құқықтық механизм.

3.2. Діни білім беру жүйесінің қазіргі ахуалы

Қазіргі таңда Қазақстанда діни білім беруді жүзеге асыратын бірнеше құрылым бар. Ең ірі әрі ресми мойындалған оқу орны – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. Бұл университет мемлекетаралық келісім негізінде жұмыс істейді және зайырлы біліммен қатар ислам теологиясын оқытады. Бұдан бөлек, ҚМДБ-ға (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы) қарасты бірнеше медресе-колледждер бар, олар діни кадрларды – имамдар мен ұстаздарды даярлауға бағытталған.

Жалпы білім беру мекемелерінде (мектеп, колледж, ЖОО) діни пәндер оқытылмайды, алайда «Дінтану негіздері» атты пән 9-сыныпта факультатив не вариативті компонент ретінде енгізілген. Бұл пәннің мақсаты – діндер тарихымен таныстыру, діни сананың

әртүрлі формаларын түсіндіру, діни төзімділік пен азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру. Мұндай жүйе Қазақстанның зайырлы білім беру моделіне сәйкес келеді және діни үгіттен ада, ғылыми сипатқа негізделген.

3.3. Мәдени ерекшелік және дәстүрлі ислам

Қазақстанның діни білім беру жүйесінің бірегейлігі – оның мәдени-тарихи сабақтас-тығында. Кеңестік кезеңде дінге тыйым салынғанымен, халықтың санасында дәстүрлі ислам мен ұлттық құндылықтар (жерлеу рәсімдері, ырым-тыйым, баталар, жеті ата, т.б.) аман сақталды. Бұл синкретті жүйе тәуелсіздіктен кейін қайта жанданып, ұлттық мұраны діни құндылықтармен ұштастыру бағытына негіз болды.

Сондықтан да Қазақстанда діни білім беру жүйесі тек доктриналық емес, мәдени-рухани идентификацияны қалпына келтіру құралы ретінде қабылданады. Бұл ерекшелік әсіресе ҚМДБ ұстанымында байқалады – діни ағартушылықпен қатар дәстүрлі ислам мен ұлттық рухани құндылықтарды үндестіруге бағытталған жұмыс жүргізілуде.

3.4. Саяси стратегия және конфессияаралық тепе-теңдік

Қазақстан – көпконфессиялы ел. Елде 18 конфессия мен 3 500-ден астам діни бірлестік тіркелген. Мұндай әртүрлілік аясында мемлекеттің басты мақсаты – діни келісім мен діни радикализмнің алдын алу. Осы мақсатта Қазақстанда *Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама* жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарламада діни сауаттылықты арттыру, зайырлы құндылықтарды нығайту, интернет кеңістігіндегі діни насихатқа мониторинг жүргізу секілді бағыттар бар.

Осы орайда Қоғамдық сананы жаңғырту аясындағы жобаларда ұлттық дәстүр мен діни сананың үндестігіне ерекше мән беріледі. Жастардың деструктивті ағымдарға түсіп кетпеуі үшін отандық діни кадрлар даярлау және мектептік діни білім беруді ғылыми-рухани негізде қалыптастыру қажет деп танылуда.

4. Педагогикалық және әлеуметтік өлшем. Баланың даму кезеңі, тәрбие, медиа әсері

4.1. Баланың даму кезеңі және діни сана қалыптасуы

Бала дамуының әрбір кезеңінде оның әлемді қабылдау, моральдық бағалау, сенім мен мағына іздеу процестері өзгеше сипатқа ие болады. Зерттеуші Жан Пиаже мен Эрик Эриксон секілді ғалымдар бала дамуының кезеңдік сипатын ұсына отырып, тұлғалық және әлеуметтік “менін” қалыптастыруда сенім жүйесінің маңызы зор екенін дәлелдеген. Ал Джеймс Фаулер (*Fowler, 1981*) «сенім дамуы теориясында» баланың 7 жасқа дейін діни ұғымдарды символ, еліктеу арқылы қабылдайтынын, ал бастауыш мектеп жасында (7–12 жас) діни идеялар мен ұғымдарды нақты, бірақ шектеулі логикамен түсіне бастайтынын көрсетеді.

Баланың осы кезеңдегі діни сана мен дүниетанымының қалыптасуына ата-ана, мектеп, қоршаған орта және ақпарат құралдары ерекше әсер етеді. Бұл жастағы балалар әлеуметтік салыстыру арқылы өзін-өзі анықтай бастайды, яғни «мен кіммін?» деген сұраққа жауапты өзінің діни немесе мәдени тобы арқылы табуға ұмтылады (Davis-Kean, Jager & Collins, 2009).

4.2. Ұлттық тәрбие және діни сана

Мағжан Жұмабаев бала тәрбиесі мен ұлттың болашағы туралы: «*Бала ауру не зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден*» деп қадап айтқан (Мағжан Жұмабаев, 2022: 14). Ұлт

руханияты мен дүниетанымының өзегі – тәрбие жүйесі. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие жүйесінде баланың рухани әлеуетін дамыту тек діни біліммен емес, ауыз әдебиеті, жыр-дастандар, батырлар эпосы, шежіре, ақындар айтысы сияқты мәдени кодтар арқылы іске асқан. Осы ретте көшпелі мәдениеттегі тәрбие формаларының исламдық таныммен үйлесе отырып, ұлттық діни дүниетанымды қалыптастырғанын айту қажет.

Бұл тұрғыдан діни білім беру – біржақты діни ілім емес, мәдени-рухани құндылықтарды тұтас қамтитын тәрбие жүйесінің бір тармағы ретінде қарастырылуы тиіс. Қазіргі заманғы діни тәрбие беру үлгілері де осы кеңістікте болуы – баланың ұлттық болмысын жоғалтпай, жаһандық құндылықтарға дайын болуын қамтамасыз етеді.

4.3. Медиа және деструктивті ықпал

Қазіргі ақпараттық қоғамда бала тәрбиесіне әсер ететін маңызды фактордың бірі – медиа кеңістік. Әлеуметтік желілер, бейнероликтер, блогтар, онлайн платформалар баланың діни дүниетанымына, моральдық бағдарларына, тіпті діни идентификациясына әсер ету мүмкіндігіне ие. Әсіресе, дінге жаңадан қызығушылық танытатын жасөспірімдер арасында YouTube, TikTok, Telegram секілді платформалардағы деструктивті діни ағымдардың насихаты үлкен қауіп туғызады.

Бұл жағдайда діни білім беруді тек медреселер мен мешіттерге тапсыру жеткіліксіз. Мектеп пен отбасындағы тәрбие берушілерге, медиа сауаттылықты қалыптастырушы педагогтарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мемлекет пен дін институттары бірлесе отырып, балалар мен жастарға арналған бейтарап, сапалы, ғылыми-танымдық діни контенттер жасауы қажет.

4.4. Педагогтың рөлі мен кәсіби даярлығы

Қазіргі діни білім берудің табыстылығы – педагогтың кәсіби даярлығына тікелей байланысты. Дінтану негіздерін мектептерде жүргізетін маманның міндеті – діни үгіт емес, діндер тарихы мен мәдениетіне бейтарап, ғылыми көзқарас қалыптастыру. Бұл үшін педагог философия, тарих, психология, мәдениеттану, діни білім негіздерін терең меңгеруі тиіс.

Сондай-ақ, мектеп қабырғасында діни білім берумен айналысатын мұғалімдердің тұлғалық бейнесі де маңызды. Олар оқушыларға сенім мен білім арасындағы теңгерімді ұсынатын, діни плюрализмді түсіндіре алатын тұлғалар болуы қажет. Себебі, бала – сенгіш әрі еліктегіш. Сондықтан баланың діни сана-сезімі – педагогтың этикалық, мәдени, рухани болмысына тәуелді.

5. Модельдік ұсыныс немесе тұжырым. Мемлекет – дін балансы, білім жүйесі үшін ұсыныс.

5.1. Үйлесімді модель құрудың алғышарттары

Зайырлы мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар ретінде емес, өзара шекаралары айқындалған, үйлесімді ықпалдастыққа негізделген жүйе ретінде қарастырылуы тиіс. Мемлекет діни істерге тікелей араласпайды, алайда қоғамның рухани сұранысын ескерусіз қалдырмайды. Ал дін – мемлекеттің идеологиясы болмайды, бірақ адамгершілік пен мәдениеттілікке әсер ететін ресурстардың бірі ретінде қарастырылады.

Али Фуат Башгил көрсеткендей, дінді толықтай мемлекетке тәуелді ету де, мемлекетті дінге тәуелді ету де зиянды: бірінде дін құралға айналады, екіншісінде мемлекет теократиялық сипат алады (Ali Fuat Başgil, 2007: 165-170). Екі жақтың да дербестігін мойындай отырып, өзара шекараласатын салаларда ғылыми негізделген диалог қажет.

5.2. Мемлекет-дін қарым-қатынасы үшін модельдік ұсыныс

1. Рухани саясат деген жаңа ұғымды қалыптастыру қажет. Бұл ұғым тек діни ұйымдарды бақылау емес, халықтың мәдени-рухани, дүниетанымдық сұраныстарын түсіну, болжау және бағыттау үдерісін қамтуы тиіс. Бұл тұста дін социолог мамандарының қаншалықты қажет екенін ұғынамыз.

2. Мемлекет пен діни бірлестіктердің институционалды серіктестігі қалыптасуы қажет. Бұл әсіресе әлеуметтік қызметтерде (жастарды тәрбиелеу, қиын жағдайдағы отбасылармен жұмыс, діни сауаттылықты арттыру) өз нәтижесін бере алады. Ал бұл бағытта сауатты жұмыс атқаратын мамандар ол - дін психологтары.

3. Дін саласындағы саясат нормативті емес, үйлестіруші сипатта болғаны жөн. Яғни, мемлекет бақылаушы емес, делдал және үйлестіруші рөл атқаруы тиіс.

4. Ұлттық дәстүрлі дін түсінігін ғылыми негізде қайта зерделеу қажет. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында қалыптасқан дін мен мәдениет синтезі қазіргі жаһандану дәуірінде жастарды өзегінен ажыратып алмау үшін маңызды база ретінде қолданылуы тиіс. Бұл бағытта мәдениеттану мамандарының арасынан ислам мәдениеті мен қазақ мәдениетін тереңінен зерттеген мамандардың қажеттілігі анық байқалады.

5.3. Білім жүйесіне қатысты ұсыныстар

1. Дінтану пәнін бейтарап, ғылыми негізде жетілдіру: Орта мектептер мен колледждерде берілетін дінтану пәні діни үгіт емес, мәдени-ағартушылық бағытта жүргізілуі тиіс. Бұл пәнді оқытатын мамандар пәнаралық дайындыққа ие болуы қажет (философия, тарих, психология, мәдениеттану).

2. Медресе және дінтану саласы арасында көпір орнату: Қазіргі медреселер мен университеттік теология факультеттері арасында әдіснамалық және академиялық тәжірибе алмасуды жандандыру керек. Бұл – дәстүр мен ғылымды біріктіретін тетік.

3. Педагогикалық кадрларды қайта даярлау: Болашақ мұғалімдер мен әлеуметтік қызметкерлерді рухани-психологиялық мәселелерге дайын ететін арнайы бағдарламалар әзірлеу қажет. Бұл бағдарлама діннің педагогикалық әлеуетін ғылыми негізде қолдануға мүмкіндік береді.

4. Медиа сауаттылық және онлайн білім: Діни контентті қабылдаудағы медиалық селқостықты жою үшін, оқушылар мен ата-аналарға арналған медиа сауаттылық курстарын енгізу қажет. Сонымен қатар, сапалы онлайн курстар мен анимациялық платформалар арқылы жасөспірімдерге арналған діни-ағартушылық ресурстар жасалуы тиіс.

5.4. Тұжырым

Мемлекет пен дін қатынасы – бір жақты үстемдік емес, теңгерімді әрі сындарлы ынтымақтастық. Зайырлылық ұстанымы дінді шектеу емес, оны қоғамның ішкі рухани құрылымына айналдырудың кепілі. Қоғамның рухани-мәдени иммунитеті тек заңмен емес, тәрбие мен білім арқылы қалыптасады. Сол себепті, діни білім беру жүйесі –

стратегиялық ұлттық қауіпсіздік тетіктерінің бірі. Бұл бағыттағы барлық шешімдер ғылыми дәлдікке, әлеуметтік шынайылыққа және мәдени тарихи ерекшелікке негізделуі тиіс.

Қорытынды

Мақалада зайырлы мемлекет пен дін арасындағы өзара ықпалдастықтың күрделі табиғаты педагогикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени аспектілер тұрғысынан жан-жақты сарапталды. Мемлекеттің рухани қажеттіліктерді ескере отырып, дін саласындағы бейтарап, бірақ жауапты ұстанымда болуы – тұрақты қоғам құрудың алғышарты екені айқындалды. Ислам өркениетіндегі діни білім беру институттарының тарихи қалыптасу үдерісі мен қазақ даласындағы дәстүрлі діни мектептердің рөлі де бүгінгі діни білім беру жүйесі үшін маңызы зор үлгі ретінде қарастырылды.

Қазіргі Қазақстанда зайырлылық қағидасы дінге қарсы бағыт емес, қайта діннің мемлекеттік істерден тәуелсіз болуын қамтамасыз ететін құқықтық әрі философиялық негіз ретінде қабылдануы қажет. Бұл қағида – көпконфессиялы қоғамда бейбіт қатар өмір сүрудің құқықтық кепілі. Дегенмен, бұл үрдістің табысты болуы рухани сұранысты елемеуге емес, оны тануға, түсінуге және педагогикалық тұрғыда оңтайлы жолдармен қамтамасыз етуге байланысты.

Ғылыми тұжырым ретінде мыналарды ерекше атап өтуге болады:

- Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас қоғамның рухани ахуалына тікелей әсер етеді, сондықтан ол тек құқықтық шеңбермен шектелмей, мәдениеттанулық, психологиялық және педагогикалық құралдармен қатар жүргізілуі тиіс.

- Діни білім беру жүйесі тек діни таным берумен шектелмей, ұлттық дүниетаным мен зайырлылық арасындағы көпір рөлін атқаруы керек.

- Баланың рухани және тұлғалық дамуына әсер ететін негізгі фактор – тәрбие мен медиа ортаның сапасы, сондықтан мектепке дейінгі және мектеп жасындағы кезеңде діни, моральдық-этикалық мазмұн педагогикамен үйлескен жағдайда ғана нәтиже береді.

Болашақ зерттеу бағыты ретінде:

- Қазақстандағы діни білім беру бағдарламаларының мазмұнын халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып зерттеу;

- Жасөспірімдер мен жастар арасында дінге қатыстылықтың психоәлеуметтік себептерін анықтау;

- Медиа және әлеуметтік желі арқылы таралатын діни ақпараттардың мазмұндық сапасы мен тәрбиелік ықпалын сараптау;

сияқты бағыттар ұсынылады.

Мемлекет пен діннің үйлесімді байланысы – тек құқықтық келісім емес, мәдени және рухани серіктестік. Бұл серіктестіктің табысты болуы үшін ғылыми негізделген, ұлттық ерекшелікке сүйенген, адами даму мен еркіндік қағидаттарын біріктіретін модель қажет.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Жұмабаев, М. (2022). Педагогика. Нұр-Сұлтан: [Сенімен болашақ].
- Сейдімбек, А. (2017). Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. Астана: Фолиант.
- Sarıçam, İ., & Erşahin, S. (2006). İslâm medeniyeti tarihi. Ankara: [Türkiye Diyanet Vakfı].
- Kalın, İ. (2024). İslam ve Batı. İstanbul: [İnsan yayınevi].
- Santrock, J. W. (2011). Life-span development. İstanbul: [Nobelyayın].
- Tarhan, N. (2009). İnanç psikolojisi: Ruh, beyin ve akıl üçgeninde insanoğlu. İstanbul: [Timaş yayın].
- Wach, J. (1987). Din sosyolojisine giriş (B. İnandı, Trans.). Ankara: [Birleşik kitapevi]. (Original work published in German)
- Başgil, A. F. (2007). Din ve lâiklik. İstanbul: [Yağmur yayınları].
- Günay, Ü. (2006). Din sosyolojisi (7th ed.). İstanbul: [İnsan yayınları].
- Қазақстан Республикасы. (1992). Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_
- Муминов, А. К. (2014). Золотоордынская историография: вклад и потенциал историко-биографической литературы. Золотоордынское обозрение, 1(3), 79–110.
- Муминов, А. К. (2015). Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии (С. М. Прозов, Ред.). Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

References

- Basghil, A. F. (2007). Din ve lâiklik [Religion and secularism]. İstanbul: Yağmur Yayınları.
- Günay, Ü. (2006). Din sosyolojisi (7th ed.) [Sociology of religion]. İstanbul: İnsan Yayınları.
- Jumabaev, M. (2022). Pedagogika [Pedagogy]. Nur-Sultan: Senimen Bolashaq. [in Kazakh]
- Kalın, İ. (2024). İslam ve Batı [Islam and the West]. İstanbul: İnsan Yayınevi.
- Kazakhstan Republic. (1992). Law on religious activity and religious associations. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_\[in Kazakh\]](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_[in Kazakh])
- Muminov, A. K. (2014). Zolotoordynskaya istoriografiya: Vklad i potentsial istoriko-biograficheskoy literatury [Golden Horde historiography: Contribution and potential of historical-biographical literature]. Zolotoordynskoe obozrenie, 1(3), 79–110. [in Russian]
- Muminov, A. K. (2015). Khanafitskiy mazhab v istorii Tsentralnoy Azii (S. M. Prozov, Ed.) [The Hanafi school in the history of Central Asia]. Almaty: Qazaq Entsiklopediiasy. [in Russian]
- Santrock, J. W. (2011). Life-span development. İstanbul: Nobel Yayın.
- Sarıçam, İ., & Erşahin, S. (2006). İslâm medeniyeti tarihi [History of Islamic civilization]. Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı.
- Seydimbeck, A. (2017). Qazaqtyń auyzsha tarikhy: zertteý [Oral history of the Kazakhs: A study]. Astana: Foliant. [in Kazakh]
- Tarhan, N. (2009). İnanç psikolojisi: Ruh, beyin ve akıl üçgeninde insanoğlu [Psychology of belief: The human in the triangle of soul, brain, and mind]. İstanbul: Timaş Yayın.
- Wach, J. (1987). Din sosyolojisine giriş (B. İnandı, Trans.) [Introduction to the sociology of religion]. Ankara: Birleşik Kitapevi. (Original work published in German)

Автор туралы мәлімет / Information about author / Сведения об авторе

Бекболат Адилбек – PhD докторант, оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, adil.kz.tr@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-2041-5647>

Bekbolat Adilbek – Doctoral student (PhD), lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, adil.kz.tr@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-2041-5647>

Бекболат Адилбек – PhD докторант, преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, adil.kz.tr@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-2041-5647>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received by the editorial office: 23.05.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 10.06.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2025